

ЖАРИЯ ОФЕРТА

(Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы Депозит» депозит (Салым) шартын жасау туралы ұсыныс)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ «Жинақтаушы Депозит» мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін _____ депозиті банктік өнімін пайдалануға мүдделі кез келген жеке тұлғаға (бұдан әрі – Клиент/Салымшы) төмендегі шартты жасауға ұсынады:

Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы Депозит» депозит (Салым) шарты

Осы Мерзімділік шарттарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы депозит» депозит (Салым) шарты (бұдан әрі – Шарт) Шартты жасасу туралы жария офертаның (бұдан әрі – Оферта) ажырамас бөлігі болып табылады және бірінші тараптан бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Фридом Банк Қазақстан» АҚ мен екінші тараптан Офертаны акцептеген, бұдан әрі «Клиент/Салымшы» деп аталатын, он сегіз жасқа толған, әрекетке қабілетті Қазақстан Республикасының кез келген азаматы болып табылатын жеке тұлғаның, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатындардың «Жинақтаушы депозит» өніміне байланысты қатынастарын реттейді.

Клиент пен Банктің Офертаға қосылу туралы өтінішке қол қою (соның ішінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып, электрондық нысанда) фактісі Офертаны акцептеу болып табылады.

Шарт Клиент Офертаны акцептеген сәттен бастап жасалды деп есептеледі.

Офертаны қабылдау (акцептеу) мерзімі белгіленбеген. Банк Офертаны кез келген сәтте кері қайтарып алуы мүмкін. Банк Банктің сайтында Офертаны кері қайтарып алу туралы ақпаратты орналастыру арқылы Офертаның кері қайтарып алынғаны туралы жеке тұлғаларға хабарлайды.

Клиент Шарттың ережелерімен, Банк Тарифтерімен және «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың операцияларын жүргізудің, банктік шоттар мен төлем карталарын ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы шарттарымен (бұдан әрі – Жалпы шарттар), «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-тың Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) толық көлемде танысты, түсінді және олармен келісті, қандай да бір ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оларға толықтай қосылды, сондай-ақ Шарттың, Қағидалардың, Жалпы шарттардың барлық ережелерін бұлжытпай, уақтылы және толық көлемде орындау міндеттемесін өзіне қабылдайды.

Клиент осы Шарттың Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған талаптарымен өз бетінше танысады.

Шарт, сондай-ақ оларда аталған, Банк қабылдаған/тіркеген қосымшалар, өтініштер, нысандар/шаблондар және өзге құжаттар біртұтас құқықтық құжатты құрайды және бір-бірінің ажырамас бөліктері болып табылады. Банк пен Клиент Шарт шеңберінде Банктің қызметтер көрсетуі және банктік өнімдерді ұсынуы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және Тарифтерге сәйкес ерікті түрде жүзеге асырылатынымен сөзсіз келіседі.

Шарт Банктің Интернет-ресурсында орналастырылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Шартта Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ұғымдар және Шарттың 1.2-тармағында айқындалатын мәндердегі ұғымдар қолданылады.

1.2. Шартта қолданылатын терминдер мен анықтамалар:

Банк – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ.

Жарна – Салымшының «Жинақ ипотекасы» өнімі шеңберіндегі ипотекалық қарыз бойынша жүзеге асыратын жинақтарды жинау бойынша міндетті ай сайынғы жарнасы¹.

Жарна мөлшері туралы ақпаратты Банктің мобильді қолданбасындағы тиісті бөлімнен алуға болады.

Салымшы – Банкпен осы Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы депозит» депозит (салым) шартын жасасқан жеке тұлға.

Салым – Салымшының Шарт талаптарына сәйкес салымшының Банкте ашылған шотына салатын ақшасы.

Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелерін есептеу тәртібін реттейтін ішкі құжатына сәйкес есептелген, сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі.

Шарттық сома – Салымшыға Ипотекалық қарыз шарттарын жақсартуға қажетті жинақтар сомасы. Салымшы Шарттық соманы Шартқа қол қою сәтінде өз бетінше айқындайды.

Жинақтаушы жинақтар – Салымшының Салым бойынша есептелген сыйақы мөлшерлемесімен Ипотекалық қарыз шеңберінде ипотекалық қарыз алу мақсатында Банкте жинаған ақшасы.

Ипотекалық қарыз – Банктің «Жинақ ипотекасы» өнімі шеңберінде Шарт талаптарына сәйкес тұрғын үй сатып алу мақсатында Салымшыға беретін қарызы.

Осы мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы депозит» депозитін (салымын) ашу және Жария офертаға қосылу туралы өтініш (шарт) («Фридом Банк Қазақстан» АҚ-ның осы Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы депозит» депозиті (салымы) бойынша шарт жасасу туралы ұсыныс) (бұдан әрі - Өтініш) - Салымшының Банкпен Шарт жасасу ниетін қамтитын, Салымды орналастыруды регламенттейтін, Салымды енгізуге байланысты Салымшы мен Банктің құқықтары мен міндеттерін реттейтін арнайы нысан. Өтініш Салымның жеке шарттарын, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сыйақы мөлшерлемесін, мерзімін, Салым сомасын қамтиды. Өтініштің нысаны осы Шартқа 1-қосымшада көрсетілген.

Интернет-ресурс – Банктің Интернет желісіндегі ресми ақпараттық ресурсы.

Өнім карточкасы – Банктің Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесін және жинақтау мен кредит берудің өзге талаптарын айқындайтын ішкі құжаттары.

Клиент – банктік қызметтерді тұтынушы болып табылатын немесе банктік қызметтерді пайдалануға ниетті жеке тұлға.

Банк комиссиясы – Банктің Тарифтерге сәйкес банктік қызмет көрсеткені үшін Клиент төлейтін ақшалай сома.

Жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері – Шартта ипотекалық қарыз алу үшін айқындалған ақша.

Жинақтау индексі – Банк Шарт талаптарына сәйкес шарттық сомаларды төлеу кезектілігін қалыптастыру үшін Ипотекалық қарыз шеңберінде әрбір Шарт бойынша айқындайтын есептік шама.

Серіктес – пайдалануға берілген бастапқы тұрғын үйді сатуға уәкілеттік берілген құрылыс салушы - заңды тұлға/жеке кәсіпкер.

Шот – Салымды есепке алу және ол бойынша операцияларды көрсету мақсатында Шарт талаптарына сәйкес Банкте ашылған жинақ шоты.

Тариф – Банк белгілеген комиссиялардың мөлшерлері және банктік қызмет көрсетудің өзге шарттары.

Электрондық банктік қызметтер – клиенттің төлем қызметтерін, ақпараттық банктік қызметтерді алу, жинақ шотын ашу (Шарт жасасу) үшін қашықтықтан қол жеткізу

¹ «Жинақ ипотекасы» банктік өнімі – осы өнімнің шарттарында белгіленгеннен төмен емес сомада депозитті міндетті түрде жинақтауды көздейтін банктік өнім.

жүйелері арқылы өзінің банктік шотына қол жеткізуіне және/немесе Банк телекоммуникация желілері бойынша, спутниктік байланыс немесе байланыстың өзге түрлері арқылы ұсынатын операциялардың өзге түрлерін жүзеге асыруына байланысты қызметтер.

2. Шарттың мәні

2.1. Банк Салымшыға Шарт талаптарына сәйкес кейіннен Банктен Ипотекалық қарыз алу құқығымен, жинақтаушы салымдар үшін ұлттық валюта – теңгемен Шот ашады, Шотқа Банктің сыйақысын есептейді.

2.2. Теңгемен ай сайын есептелетін сыйақы.

2.3. Банк Салымды қабылдайды және оны Шартта және Өтініште белгіленген талаптармен Шотқа орналастырады.

2.4. Салымшы Шарт бойынша жинақтаушы салымдарды жинаған кезеңде Банк Салым бойынша сыйақыны Салым талаптарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мөлшерлеме бойынша төлейді.

Ақша барлық қажетті деректемелер көрсетіле отырып, Банкке түскен сәтте Шотқа енгізілді деп есептеледі.

2.5. Банк Салымшыға Ипотекалық қарызды Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде және төменде аталған барлық талаптар сақталған жағдайда береді:

1) Салымшы Шотқа жинақталатын ақшаның ең төменгі қажетті мөлшерінен кем болмайтын ақша сомасын енгізгенде;

2) Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Ипотекалық қарызды қажетті қамтамасыз етуді ұсынғанда;

3) Клиент Ипотекалық қарызды өтеу бойынша өзінің төлем қабілеттілігін растағанда.

2.6. Банк Салымшыға Ипотекалық қарыз шарттарын жақсарту мүмкіндігін төменде аталған барлық талаптар сақталған жағдайда ұсынады:

1) Шарттық сома жиналғанда;

2) Жинақтау индексінің ең төменгі мәніне жеткенде, бірақ Шарт жасалғаннан кейінгі 3 (үш) жылдан ерте емес;

3) Салымды жинақтаудың ең төменгі мерзімі бойынша талап орындалғанда – кемінде 36 ай (бұдан әрі – Салымды жинақтау мерзімі).

2.7. Ипотекалық қарыз Банктің ішкі құжаттарында айқындалған, Салымшының Серіктестен тұрғын үй сатып алуына байланысты іс-шараларға ғана пайдаланылуы мүмкін.

2.8. Банк Салым бойынша есептейтін сыйақыны есептеу кезінде жыл 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күнге, ай – 30 (отыз) күнтізбелік күнге тең деп қабылданады.

Салым бойынша сыйақы Салым пайдаланылған күндердің нақты санына есептеледі.

Салым бойынша сыйақы Банктің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Салымның нақты жиналған қалдығына есептеледі.

2.9. Жинақтау индексін есептеу үшін келесі формула қолданылады:

$$\text{ЖИ} = \frac{\sum_{i=1}^n (B_i + \Pi_i) * \% * T_i}{\text{ШС}/1000}, \text{ бұл жерде}$$

ЖИ – Жинақтау индексі;

B_i - i -төлемінің (Салымның) мөлшері;

Π_i – есептелген сыйақының сомасы;

% - Банктің Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі;
Ті – төлем (Салым) енгізілген сәттен бастап Жинақтау индексі есептелетін сәтке дейінгі кезең;

i, n - төлемдердің (Салымдардың) реттік нөмірлері;

ШС – шарттық сома.

Жинақтау индексі есептеу үшін бір айда 30 (отыз) күнтізбелік күн, бір тоқсанда – 90 (тоқсан) күнтізбелік күн, бір жылда – 360 (үш жүз алпыс) күнтізбелік күн бар деп қабылданады.

Салымшы төлемдерді уақтылы енгізбесе (жүйесіз) немесе бүкіл жинақтау мерзімі ішінде төлемдердің (Салымдардың) біркелкі енгізілуі шартымен есептелген төлемді (Салымды) енгізу сомасынан төмен төлемдерді жасаған кезде Жинақтау индексінің мәні төмендейді.

Салымшы жинақтаудың бастапқы кезеңінде мерзімінен бұрын төлемдерді жүзеге асырған кезде Жинақтау индексінің мәні артады.

Жинақтау индексінің мәні жинау мерзіміне байланысты болады, жинақтау мерзімі неғұрлым ұзақ болса, Жинақтау индексінің мәні соғұрлым жоғары болады.

Өлшемдері бойынша төмендейтін салымдарды (жинақтаудың алғашқы жылдарындағы неғұрлым жоғары салымдардан кейінгі жылдардағы ең төменгі салымдарға дейін) жүзеге асырған кездегі **Жинақтау индексінің** мәні, өлшемдері бойынша өсетін салымдарды (алғашқы жылдардағы ең төменгі салымдардан кейінгі жылдардағы ең жоғары салымдарға дейін) жүзеге асырған кездегі мөлшерге қарағанда жоғары болады.

2.10. Салымды жинау мерзімі Өтініште көрсетіледі.

3. Салымшы мен Банктің құқықтары мен міндеттері

3.1. Банк құқылы:

1) Салымшының Шотына қате аударылған ақша сомаларын Шартта белгіленген тәртіппен оның кез келген банктердегі кез келген шоттарынан алып қоюға;

2) Ипотекалық қарыз беруден бас тартуға;

3) егер Банкте клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлкімен жасалған операциялары Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес танылатын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және (немесе) терроризмді қаржыландырумен байланысты деп пайымдауға негіздері болса, Шартты орындаудан бас тартуға;

4) Клиент Банктің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын орындауы мақсатында Клиентті сәйкестендіруге қажетті ақпаратты немесе құжаттарды ұсынбаған жағдайда Шартты орындаудан бас тартуға;

5) Салымшының Шоты бойынша операция Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ Банкте операция заңнаманы бұза отырып жүзеге асырылады немесе алаяқтық сипатта болады деген күдік туындаған жағдайда, біржақты тәртіппен және себептерін түсіндірусіз Салымшыға Банк қызметтерін көрсетуден бас тартуға;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ Банкке және оның клиенттеріне нұқсан/залал келтіре отырып, құқыққа қайшы әрекеттерді іске асыру үшін пайдаланылуы мүмкін болғанда Салымшының тапсырмасын орындаудан бас тартуға және (немесе) Шот бойынша операцияны (операцияларды) уақытша тоқтатуға;

7) алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы анықталған кезде Салымшының нұсқауын орындауды тоқтата тұруға және (немесе) ақша сомасын үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бұғаттауға;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Салымшымен алдын ала келісусіз, біржақты тәртіппен Шарт талаптарына өзгерістер енгізуге;

9) Тарифтерді белгілеуге және Банк комиссияларын алуға. Бұл ретте Салымшы Тарифтер туралы ақпарат алуға құқылы;

10) Банктің пікірі бойынша салымшы (салымшылар) немесе Банк үшін нұқсанға/залалға әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар болған кезде, өз бастамасы бойынша Салымшының келісімінсіз Шот бойынша операцияларды тоқтата тұруға.

3.2. Банк міндеттенеді:

1) Салымшыға Салым бойынша Шот ашуға, Салымшының пайдасына қолма-қол ақшамен енгізілген және/немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен аударылған ақшаны қабылдауға және оларды Банктегі Салымшының Шотына есепке қосуға;

2) Шотта іс жүзінде жинақталған ақша сомасына Банктің сыйақысын есептеуге;

3) Шартта көзделген талаптар туындаған кезде, Салымшының өтініші негізінде онымен банктік қарыз шартын жасаса отырып, Салымшыға Ипотекалық қарыз беруге;

4) Банкке Салымшыдан оған Салым сомасын және Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу туралы өтініш түскен кезде (Шартты бұзу), Банкке Салымшыдан тиісті талап (өтініш) түскен күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей Салымды беруге;

5) Қарызды тек қолданыстағы Серіктестік бағдарламасы² болған жағдайда ғана беруге.

3.3. Салымшы құқылы:

1) Банкке Ипотекалық қарыз беру туралы өтінішпен жүгінуге. Банктің талаптары мен Ипотекалық қарыздың шарттарын Банк қосымша белгілейді. Бұл ретте Ипотекалық қарыз беру Банктің міндеттемесі болып табылмайды және Банк кез келген негіздер бойынша оны беруден бас тартуға құқылы;

2) Шоттың жай-күйі туралы толық ақпарат алуға;

3) Шартта көзделген талаптар сақталған жағдайда, Банкке Ипотекалық қарыз бойынша шарттарды жақсартуға көшу туралы өтінішпен жүгінуге;

4) Ипотекалық қарызды алудан бас тартып, Салымды және есептелген сыйақыны алуға;

5) Банктен Шоттан ақшаны алып қоюдың дұрыстығын растайтын құжаттардың көшірмелерін талап етуге;

6) Банк Комиссияларының мөлшерімен танысуға.

3.4. Салымшы міндетті:

1) жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті сомасын жинау үшін Шотқа ақша енгізуге (қолма-қол ақшалай немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен);

2) Шартта көзделген тәртіппен Банкке Тарифтер бойынша Комиссияларды төлеуге;

3) Шартты жасасу кезінде, Шарттық соманы немесе Салым бойынша есептелген сыйақымен бірге Салым сомасын алу кезінде, қарыздарды беру кезінде Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген, тиісті тәртіппен ресімделген қажетті құжаттарды ұсынуға.

4. Тараптардың жауапкершілігі

4.1. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары: Тараптар алдын ала болжай алмаған және Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер еткен су тасқыны, жер сілкінісі, табиғи апттар, қоршауға алу, ереуілдер, әскери іс-қимылдар, террористік актілер

² Банк пен Серіктес арасындағы келісім шеңберінде, оның негізінде Серіктес Банк клиенттеріне «Жинақтаушы ипотека» өнімі бойынша Серіктестік бағдарламасының талаптарымен бастапқы тұрғын үйді сатып алу мүмкіндігін ұсынады.

және өзге осыған ұқсас еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде Шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік алмайды. Тараптар аталған еңсерілмейтін күш мән-жайларына Банктің немесе Салымшының кінәсі болмаған жағдайда, электр энергиясының өшірілуін, байланыс желілерінің зақымдануын, үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттерін де жатқызады.

4.2. Банкке байланысты емес себептермен туындаған және Клиенттің Банк хабарламаларын және шоттар бойынша есептіліктерді/көшірмелерді уақытылы алмауына немесе мүлдем алмауына әкеп соққан техникалық іркілістер (электр қуатының және байланыс желілерінің өшірілуі/зақымдануы, Банктің бағдарламалық жасақтамасы мен деректер базасының іркілісі, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер) жағдайында, сондай-ақ Банктің бақылау аясынан тыс және Банктің Шарт талаптарын орындамауына әкеп соққан өзге жағдайларда Банк мүліктік жауаптылықтан босатылады.

4.3. Банк Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны/тиісті түрде орындамағаны үшін, соның ішінде Банкке уәкілетті мемлекеттік органдар және (немесе) лауазымды тұлғалардан Шот, ағымдағы шот бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтату, Шоттағы, ағымдағы шоттағы ақшаға тыйым салу туралы шешімдер/қаулылар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақшаны даусыз (акцептсіз) тәртіппен өндіріп алуға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары түскен жағдайда, Шотқа ақшаны есепке қосудың мүмкін еместігі үшін жауапты болмайды.

4.4. Бұл ретте Салымшының келісімін алусыз Шоттан ақшаны алып қою, Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және Шоттағы ақшаға тыйым салу тек: тиісті тәртіппен ресімделген құжаттар негізінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады. Банк осындай жағдайларда Салымшыға келтірілген залалдар үшін жауапты болмайды.

4.5. Тараптар Шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

5. Салым бойынша талаптар мен параметрлерді өзгерту және Шартты бұзу тәртібі

5.1. Салымшы Шартта белгіленген тәртіппен қол қойған Өтініш Салымшының Шарттың өзгертілуін ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз растайтынын куәландырады.

5.2. Банк Салымшының алдын ала келісімін алусыз, осы Шартқа біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге құқылы.

5.3. Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Шартты мерзімінен бұрын бұзуға, Салымды және Өтініш шеңберінде белгіленген сыйақы мөлшерлемесі бойынша Салым бойынша есептелген Банк сыйақысын алуға құқылы.

5.4. Салымшы Шарт бойынша міндеттемелерін бұзған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарт іс жүзінде бұзылатын күнге дейінгі күнтізбелік 7 (жеті) күн бұрын бұл туралы Салымшыға жазбаша хабарлай отырып, Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

5.5. Банк осы Шарт талаптарының өзгергені туралы аталған өзгерістер өз күшіне енгенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей, Банктің Интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы хабарлайды.

5.6. Салымшы осы Шарттың өзгертілген редакциясымен келіспеген жағдайда, ол Шарттың өзгертілген редакциясы орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде Шартты бұзуды талап етуге құқылы. Егер көрсетілген мерзімде Банкке Шартты бұзу туралы талап түспесе, бұл жағдай Салымшының Шарттың жаңа (өзгертілген) редакциясымен келісетінін және енгізілген өзгерістерді ескере отырып, оған тұтастай қосылатынын білдіреді.

Бұрын қолданыста болған Шарттың барлық талаптары Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Шарттың жаңа редакциясы өз күшіне енген күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

5.7. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген жағдайлар туындаған жағдайда Банк тарапынан Шартты біржақты тәртіппен бұзу және Шотты жабу Клиентке тиісті Хабарлама жіберу арқылы Клиентке аталған Хабарлама жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні өткеннен кейін жүзеге асырылады.

5.8. Шарт осы Шарттың 6.13-тармағында көзделген негіздеме бойынша бұзылған жағдайда, Ипотекалық қарыз толық өтелгеннен кейін салым сомасының қалдығы болса, Банк салым сомасының қалдығын Салымшының ағымдағы шотына аударады.

5.9. Салымды ашу және оған қызмет көрсету Серіктестік бағдарламасының² қолданылуы шартымен жүзеге асырылады. Ол тоқтатылған немесе оның қолданылуы уақытша тоқтатылған жағдайда, Банк Салым сомасының қалдығын, соның ішінде есептелген сыйақыны төлей отырып, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

5.10. Салымды тек қолма-қол ақшасыз жолмен енгізуге болады. Банк Шарт негізінде Салым сомасын ағымдағы шоттан (шоттардан) (Салымшының қосымша келісімін алусыз, оны/оларды тікелей дебеттеу арқылы) есептен шығарады және есептен шығарылған соманы Шотқа (шоттарға) есепке қосады.

6. Өзге талаптар

6.1. Салымшының Шотындағы ақшалай қаражат бойынша шығыс операцияларын уақытша тоқтату, оған тыйым салу және Шотынан ақшалай қаражат сомасын мәжбүрлі түрде (Салымшының келісімінсіз) алып қоюды Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырады.

6.2. Жинақтаушы салымдарды кепілге қою Банктің алдын ала жазбаша келісімі болған жағдайда ғана мүмкін болады.

6.3. Шарт бойынша Салымға депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мөлшерде және тәртіппен кепілдік береді.

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бекіткен кепілдік өтемді төлеу тәртібі туралы хабарламамен Банктің <https://freedombank.kz> мекенжайы бойынша ресми сайтында танысуға болады..

6.4. Шарт жасау арқылы Салымшы Шот бойынша кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариалдық, кәсіби медиаторлық қызметпен, сондай-ақ жеке сот орындаушысының қызметімен және өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған арнайы салық режимі шеңберіндегі қызметпен байланысты операцияларды жүзеге асырмайтынын растайды.

Салымшы Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Банктің <https://freedombank.kz/> мекенжайы бойынша ресми сайтында орналастырылған, «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ бекіткен кепілдік өтемді төлеу тәртібі туралы хабарламамен танысқанын растайды.

6.5. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Салымшы мен Банк оларды соттан тыс тәртіппен реттеу үшін барлық қажетті шараларды қолдануға міндетті. Келіспеушіліктерді соттан тыс тәртіппен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қоюшының таңдауы бойынша Банктің бас кеңсесі немесе аумақтық бөлімшесі орналасқан жердегі сотта қаралады.

6.6. Тараптар осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер бойынша Жалпы шарттарды және банктік қарыз шартының талаптарын басшылыққа алады.

6.7. Салымшы Банкке заңнамада және Шарт талаптарында көзделген жағдайларда және тәртіппен Шарт бойынша банктік құпияны ашуға келісім береді.

6.8. Салымшы Банкке Шартқа қатысты талаптар, талап етулер, акциялар және т.б. туралы Банктің оған жазбаша хабарлама/талап хат жіберу арқылы, Салымшы Банкте байланыс телефоны ретінде жазбаша көрсеткен телефон нөміріне sms-хабарламалар/push-хабарламалар, мобильді қолданбалар, электрондық пошта арқылы хабарлауына/хабардар етуіне келісім береді. Банктің осындай телефон қоңыраулары/sms-хабарламалар/push-хабарламалар, электрондық хаттар арқылы берген ақпаратын Салымшының Шартқа қол қоюы арқылы білдірген келісімімен ұсынылған деп танылады.

6.9. Салымшы Шартқа қол қою арқылы Банкке қашықтықтан қосылу құралдары арқылы ауызша жүгінген кезде Банктің оған Шарт талаптары, Шотқа жарналардың түсуі және Шоттың күйі туралы ақпарат беруіне келісім береді;

6.10. Салымшы Шартқа қол қою арқылы «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Банкке Салымшы мен Банк, Банк пен үшінші тұлғалар арасында банктік және (немесе) өзге қызмет көрсетумен байланысты, бірақ онымен шектелмейтін кез келген құқықтық қатынастардың туындауына байланысты, соның ішінде болашақта дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім береді. Салымшының осы келісімі негізінде Банк өз қалауы бойынша дербес деректерді үшінші тұлғаларға, уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге, сондай-ақ дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыруға құқылы. Салымшының қолданылу мерзімі шексіз болып табылатын осы келісімді кері қайтарып алуға құқығы жоқ.

6.11. Шарт әрқайсысының заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

6.12. Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы анықталған кезде Банк Клиентке төлемнің және (немесе) ақша аударымының бұғатталғаны туралы ақпарат береді.

6.13. Осы Шарттың 2.6-тармағында көзделген талаптар сақталған кезде, Салым сомасы (ол қарыз бойынша кепіл заты болып табылады, сондай-ақ оның негізінде кредиттік өтінім қабылданған) міндетті тәртіпте қарыз бойынша негізгі борыш қалдығын өтеуге бағытталады, содан кейін тиісті өтініш негізінде Шарт бұзылады.

Приложение №1
к Публичной оферте
(предложение о заключении договора
депозита (Вклада), не соответствующего
условиям срочности «Депозит «Накопительный»)
/Жария офертаға
(Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін
«Жинақтаушы Депозит» депозит (Салым)
шартын жасау туралы ұсыныс)
№1 қосымша

Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы Депозит»
депозитін (Салымды) ашу туралы және
Жария офертаға («Фридом Банк Қазақстан» АҚ Мерзімділік талаптарына сәйкес
келмейтін «Жинақтаушы Депозит» депозит (Салым) шартын жасау туралы ұсыныс)
қосылу туралы Өтініш (Шарт)/ Заявление (Договор) об открытии депозита (Вклада), не
соответствующего условиям срочности «Депозит «Накопительный» и присоединении к
Публичной оферте (предложение о заключении договора депозита (Вклада), не
соответствующего условиям срочности «Депозит «Накопительный» АО «Фридом Банк
Казахстан»)

Салымшының аты-жөні / ФИО Вкладчика	
Салымшының ЖСН / ИИН Вкладчика	
Жеке басын куәландыратын құжат түрі, нөмірі және берілген күні, кіммен берілген, қолданыс мерзімі / Вид, номер, дата выдачи, кем выдано, срок действия документа удостоверяющего личность	
Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша депозит (Салым) түрі / Вид депозита (Вклада) по Гражданскому кодексу Республики Казахстан	Мерзімді салым/Срочный вклад
Шот №/депозит (Салым)/шот валютасы / № Счета/валюта депозита (Вклада)/счета	/
Кепілдік берілген өтемақының ең жоғары	Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша 10 миллион теңге, бірақ «ҚР екінші деңгейдегі банктерінде

сомасы (Салым бойынша кепілдіктің сомасы) / Максимальная сумма гарантийного возмещения (сумма гарантии по Вкладу)	орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңның 18-бабында белгіленген мөлшерден аспайтын шекте төленеді. / 10 миллионів тенге по депозитам в национальной валюте, но не более размера, установленного ст. 18 Закона «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня РК».
Салымды толығымен/ішінара мерзімінен бұрын шығару мүмкіндігі / Возможность полного/частичного досрочного изъятия вклада	Банкке Салымшының Салымды мерзімінен бұрын қайтару (толық немесе ішінара) туралы өтініші түскен кезде, Банк келесі жағдайларда өтініш алынған күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күннен кешіктірмей салым сомасын (немесе оның бір бөлігін/қалдығын) және есептелген сыйақыны қайтарады: - қарыз ресімделгенге дейін; - «Жинақтаушы ипотека» өнімі шеңберінде осы Салыммен қамтамасыз етілген қарыз бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында немесе орындағаннан кейін. / При поступлении в Банк заявления Вкладчика о досрочном возврате Вклада (полностью или частично) Банк возвращает сумму вклада (либо его часть/остаток) и начисленное вознаграждение не позднее 7 (семи) календарных дней с даты получения заявления в следующих случаях: - до оформления займа; - в целях исполнения либо после исполнения обязательств по займу, обеспеченному данным Вкладом, в рамках продукта «Накопительная ипотека».
Салымның ашылған күні / Дата открытия Вклада	
Салымның аяқталған күні / Дата завершения Вклада	
Салым мерзімі / Срок Вклада	
Салым сомасы / Сумма Вклада	()
Салым бойынша сыйақының номиналды мөлшерлемесі (жылдық)% / Номинальная ставка вознаграждения по Вкладу (годовая) %	
Салым бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, % / Годовая эффективная ставка вознаграждения по Вкладу, %	
Салым бойынша пайыздар төлеу тәртібі / Условия	Есептелген сыйақыны жыл сайынғы капиталдандыру және салым мерзімінің соңында төлеу/

выплаты вознаграждения по Вкладу	Ежегодная капитализация начисленного вознаграждения и выплата в конце срока вклада
Комиссиялық алым мөлшері/Размер комиссионного сбора	0 (нөл) теңге / 0 (ноль) тенге
Салымның бастапқы сомасы және қосымша жарналар есебімен Салымның ең жоғарғы сомасы / Максимальная сумма Вклада с учетом первоначальной суммы Вклада и дополнительных взносов	Банктің меншікті капиталының мөлшерінің 10% (он) пайызынан аспайды, одан артық болған жағдайда Директорлар кеңесінің шешімі бойынша. / Не более 10% (десяти) процентов от размера собственного капитала Банка, в случае превышения по решению Совета директоров.
Салымды толықтыру мүмкіндігі, салымды толықтыру бойынша қолданыстағы шектеулер / Возможность пополнения Вклада, имеющиеся ограничения по пополнению Вклада	Салымның ең жоғары сомасы бойынша талапты ескере отырып, шектеусіз көзделген. / Предусмотрено без ограничений с учетом условия по максимальной сумме Вклада.
Ішінара алу / Частичные изъятия	Мыналарға жол беріледі: - тек қана осы өнім шеңберіндегі шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін Ипотекалық қарыз бойынша шартта белгіленген шама шегінде енгізілген сомаларға; - шотта ең төменгі төмендетілмейтін қалдықты сақтай отырып, Ипотекалық қарыз бойынша шартта белгіленген шамадан тыс Салымшының өз қаражаты есебінен жинақталған сомаларға. / Допускаются: - сумм, внесенных в рамках установленной договором величины по Ипотечному займу исключительно для исполнения обязательств по договору в рамках данного продукта; - суммы, накопленных за счет собственных средств Вкладчика сверх установленной договором величины по Ипотечному займу, с сохранением на счете минимального неснижаемого остатка.
Салымды толығымен/ішінара мерзімінен бұрын шығару кезіндегі пайыздық мөлшерлеме (пайыздық мөлшерлемелер) не оны (оларды) айқындау тәртібі / Процентная ставка (процентные ставки) либо порядок ее (их) определения при	Салым бойынша сыйақы пайыздарды қайта есептеусіз және Салым бойынша қолданыстағы мөлшерлеме бойынша ақшалай қаражаттың жинақ шотында нақты болған уақыты үшін сыйақыны жоғалтусыз және айыппұлсыз төленеді. / Вознаграждение по Вкладу выплачивается без пересчета процентов и без потери вознаграждения и штрафов за фактическое нахождение денежных средств на сберегательном счете по ставке, действующей по Вкладу.

досрочном полном/частичном изъятии Вклада	
Салым мерзімін ұзарту талаптары (Салымды ұзарту) / Условия продления срока Вклада (пролонгация Вклада)	Салым ашылған сәтте қолданылатын мөлшерлеме бойынша ұқсас мерзімге шектеусіз. / Без ограничений, по ставке, действующей на момент открытия Вклада, на аналогичный срок.
Ипотекалық қарыз алу мақсатында жинақталған ақшаның ең төменгі қажетті мөлшері / Минимально необходимый размер накопленных денег для получения Ипотечного займа	
Шарттық сома/ Договорная сумма	
Ипотекалық қарыз бойынша Жинақтау индексінің мәні /Значение Индекса накопления по Ипотечному займу	
Салым бойынша міндетті ай сайынғы жарна /Обязательный ежемесячный взнос по Вкладу	
Банктің Тарифтерімен таныстым және қандай да бір қарсылықтарсыз және ескертулерсіз қабылдаймын. / С Тарифами Банка ознакомлен (а) и принимаю без каких-либо возражений и замечаний.	
Жария офертаның (Мерзімділік талаптарына сәйкес келмейтін «Жинақтаушы Депозит» депозит (Салым) шартын жасау туралы ұсыныс), Фридом Банк Қазақстан" АҚ Операцияларын жүргізудің, банктік шоттар мен төлем карточкаларын ашудың, жүргізудің және жабудың Жалпы шарттарының ажырамас бөлігі болып табылатын Өтінішке қол қоя отырып, Салымшы оларды қандай да бір қарсылықтарсыз және ескертулерсіз қабылдаумен Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған барлық шарттармен танысқанын және келісетінін растайды. / Подписывая Заявление, которое является неотъемлемой частью Публичной оферты (предложение о заключении договора депозита (Вклада), не соответствующего условиям срочности «Депозит «Накопительный»), Общих условий проведения операций, открытия, ведения и закрытия банковских счетов и платежных карточек АО "Фридом Банк Казахстан" Вкладчик подтверждает, что он ознакомлен и соглашается со всеми условиями, размещенными на Интернет-ресурсе, принимая их без каких-либо возражений и замечаний.	

(Банк қызметі қашықтықтан қол жеткізу жүйелері арқылы қашықтықтан көрсетілгенде қолданылады/Применяется при предоставлении банковских услуг дистанционным способом посредством систем удаленного доступа):

Осы құжатқа клиенттің телефон нөміріне жіберілген (_____ күні, сағат _____ (UTC+5) сағаттық белдеуі) динамикалық бір реттік (біржолғы) код _____ (код нөмірі)/ ЭЦҚ арқылы қол қойылды (_____ күні, сағат _____)/
Настоящий документ подписан с использованием динамического одноразового (единовременного) кода _____ (номер кода), направленного (дата _____, время _____ часовой пояс (UTC+5) на номер телефона / ЭЦП клиента (дата _____, время _____)